

# **«Үздік сынып»**

**әлеуметтік жоба**

**Г. Б. Оңалбаева**

директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

**2021 жыл**

## Түсінік хат

Қазіргі таңда мектептегі тәрбие жүйесінің негізгі құрылымы - сабақ үстіндегі, сабақтан тыс уақыттағы, мектептен тыс уақыттағы, қоғамдық ұйымдардағы және қоғам, мектеп, ата-аналар бірлестігінде, т. б. арқылы іске асырылады, бір-бірімен сабақтастықта және жүйелі түрде байланысады.

Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жалпыадамзаттық ұлттық құндылықтардың «Мәңгілік ел» идеясы – оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруды жүзеге асырудағы жаңа бағыт» негізінде оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруды мақсат еткен. «Мәңгілік Ел» идеясы- білім мен тәлімді:

- өмірде жүзеге асыруға ұмтылысын;
- азаматтық жауапкершіліктерін қалыптастыруға;
- ұлттық өзіндік сана және төзімділікті дамытуға;
- зайырлы құндылықтарды нығайтуға және жастардың қарым- қатынас жасау біліктілігін қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жұмысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және №67 гимназиясының оқушыларға арналған мектептің ішкі ережесіне сәйкес 3 буын негізінде: 1-4 сыныптар, 5-6 сыныптар, 7-11 сыныптар арасында жүргізілетін «Үздік сынып» элеуметтік жобасының жұмысы оқушыларды жауапкершілікке, өзін-өзі басқаруға, ұжымдық алға жылжуға деген бәсекелестікке тәрбиелеуге бағыттайды.

Жобаның мақсаты сынып оқушыларына тәрбиенің рөлін арттыру, білім беру жүйесіндегі тәрбие үрдісін жетілдіру және тәрбие жұмысының деңгейін арттыру, үздік сыныпты анықтау және қолдау көрсету.

Жалпы мектептегі тәрбиелеу жүйесі, сыныптағы тәрбие жүйесі бір-бірімен кіріктіріле отырып, сабақтастырыла жүргізіледі. Тұтас педагогикалық жүйе секілді тәрбие жүйесінің негізіне оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру жатады. Қазіргі таңда тәрбиелік жүйені педагогиканың негізгі категорияларының бірі болып табылатын тұлғаны элеуметтендіру тұрғысынан қарастырады. В. С. Кукушкин өзінің "Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесі" атты еңбегінде тәрбиелеу жүйесінің негізгі бағыттарын нақтылайды:

- әр мектептің өзіндік тәрбие жүйесінің болуы;
- тәрбиелеу жүйесінің жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі;
- тәрбие жүйесінің тұлғаға бағытталған еркіндік кеңістігінің қалыптасуы;
- әр мәселенің жариялылық тұрғыда әділ шешілуі;
- мектептегі қарым-қатынастың ізгілікке бағытталуы;
- мектептегі әр атқарған іс-шаралардың сабақтастығымен бірге, іргелі шараларға ұласуы.

Бұл жоба мектепте оқушылар арасында, сынып жетекші мен оқушылар, ата-аналардың өзара қатынастарына, мектеп жұмысының күнделікті стиліне, дәстүрге айналуына әсерін тигізеді.

## «ҮЗДІК СЫНЫП» әлеуметтік жобасы

### **Мақсаты:**

жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, білімді де білікті өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу

### **Міндеттері:**

- сынып оқушыларының көзқарас, түсінік, сенімдерін қалыптастыру;
- оқушыларды белсенділік пен жауапкершілікке тәрбиелеу;
- оқушылар арасында сынып беделін көтеруге ынталандыру;
- өзін-өзі басқаруға, ұжымдық бірлікке тәрбиелеу;
- оқушыларды бір-біріне қолдау көрсетуге үйрету;
- сынып пен жетекші, ата-ана, оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

### **Жаңашылдығы :**

Оқушылардың әлеуметтік жобасы. Сынып ұжымын әлеуметтік нысан мен саналы іс - әрекеттің субъектісі арқылы тәрбиелеу

### **Нәтижесінде:**

Тек сынып ұжымында тұлға өзінің жан-жақты даму мүмкіншілігіне ие, сонымен бірге сынып ұжымында жекелей еркіндік болады . Оқушыларды ұжымдық рухта тәрбиелеу - тұлға дамытудағы сыныптың атқаратын қызметі артады

## **КІРІСПЕ**

Сынып жетекшісі жұмысының негізгі мақсаты – сынып оқушыларын мектептің белсенді және саналы тұлғасы етіп тәрбиелеуге барынша ықпал жасау. Сыныптағы әрбір оқушының қалыптасуын, адамгершілік қасиеттерінің, еңбекке деген сүйіспеншілігінің, жан-жақты жарасымды дамуына жағдай туғызу. Сондықтан оның жұмысының мазмұны мен тәрбиелік шараларының бәрі осы мақсатқа бағытталуы тиіс.

### **Сынып жетекшісі жұмысының негізгі міндеттері:**

1. Сыныптағы оқушылардың талап-тілектері мен мүдделерін және олардың жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп білу.
2. Сыныптағы оқушылардың не нәрсеге бейімділігін анықтап, оларды ынтымағы жарасқан, белсенді, саналы ұжымға ұйымдастыру.
3. Сыныптағы пән мұғалімдері мен мектеп әкімшілігінің және оқушылардың ата-аналарының тәрбиелік ықпалын үйлестіру, оқушыларға қоятын педагогикалық талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.
4. Тәрбие үрдісінде мектептің, жанұя мен жұртшылықтың тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету.
5. Оқушылардың ата-аналарымен үнемі байланыс жасап, жанұядағы бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық оқу, насихат жұмыстарын жүргізу.
6. Оқушыларды тәрбиелеуде сыныптан тыс әралуан тәрбие жұмыстарына және пәндік апталықтар мен онкүндіктерге белсенді қатысуға ұйымдастыру.
7. Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз ету.
8. Сынып қызметінің тұтастығын, жүйелігін, бірлігін қамтамасыз ету.

**Ал оқушылар ұжымына келсек, оның өзіндік белгілері бар.** Атап айтсақ:

1. Жалпы әлеуметтік маңызы бар ортақ мақсаттың болуы. Мақсат қандай да болмасын топта болады.
2. Әрекет етуде өзара бірлескен іс-қимылдың болуы. Балалар ортақ мақсатқа жетуде бірлесе іс-қимыл жасайды. Ол үшін оның әрбір мүшесі бірлескен өзара әрекетке белсенді қатысуы міндетті.
3. Өзара қарым-қатынаста жауапкершіліктің болуы. Яғни, өзара әрекеттесу барысында, оның әрбір мүшесінен жағары жауапкершілік талап етіледі.
4. Ортақ сайланған басқару ұйымның болуы. Ұжымда демократиялық қатынас орнайды. Соған сәйкес белгілі бір басқару ұйымы құрылады.

**«ҮЗДІК СЫНЫП» әлеуметтік жобасына тартылатын орта**



**«ҮЗДІК СЫНЫП» әлеуметтік жобасының бағыттары**

1	Орташа	Жақсы	Жоғары
<b>Бағалау критерийлері</b>	<b>көрсеткіш</b>		
Сынып кабинетінің тазалығы, мүліктері			
Сынып оқушыларының сабақтарға қатысуы			
Сынып оқушыларының сабақтарға кешікпеуі			
Сыныптың білім сапасы			
Сынып бұрышының жұмысы			
Оқушылардың санитарлық - гигиеналық тазалығы			
Сынып оқушыларының тәртібі			
Мектептің қоғамдық жұмыстарға қатысуы ( <i>кезекшілік, сенбілік т.б.</i> )			
Мектепшілік іс-шараларға қатысуы ( <i>тәрбие шаралары, пән апталығы, онкүндіктер</i> )			
Сыныпты бақылау тәжірибесіне ата-аналардың қатысуы			
Сыныптың тоқсан сайынғы SWOT талдауы			
«67 кітап таны» сынып оқырмандарының клубы			

## Қорытынды

«Үздік сынып» әлеуметтік жобасы ай сайын жүргізіліп, айдың соңғы аптасында қатысқан сыныптардың мониторингісі шығарылып отырады. Жобаның бағыттары бойынша ең жоғары деңгейде танылған сынып «Үздік сынып» атанып, гимназияның «ҮЗДІК СЫНЫП» БЕЛГІСІНЕ ие болады.

«ҮЗДІК СЫНЫП» БЕЛГІСІ сынып жетекшіге табыс етіліп, сынып кабинетінде сақталады, келесі айда басқа үздік атанған сыныпқа сол белгі табыс етіледі.



**«ҮЗДІК СЫНЫП» БЕЛГІ**